



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ә.С. «Қазақ елінің экологиялық ахуалы»: монография. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – 248-253 бет.
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz>
3. Шығыс Қазақстан облысының жоғары оқу орындары. Білім беру статистикасы. 22-серия. – 38-40 бет.
4. Ресми сайт https://www.inform.kz/kz/shygys-kazakstanda-orman-sharuashylygy-salasynda-545-maman-zhetispeydi_a3615945
5. Баспасөз орталығы <https://recycle.kz>
6. Черезова Л.Б. Теория и методика экологического образования детей: учеб. пособие. – Волгоград: Изд-во ВГПУ «Перемена», 2010. – 15 с.
7. Шакарим. Записки забытого. – Алматы: Ел, 1993. – 102 с.
8. Розов Н.С. Структура цивилизации и тенденции мирового развития. Новосибирск. 1992. – 192–193 с.
9. Бейсенова Ә.С. «Экология – ел тағдыры». Эколог мамандарға, магистранттарға арналған оқу құралы, - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. – 108 бет.
10. Семей қаласының білім бөлімі <https://www.bilim-semey.gov.kz/blogs/view/1/1247>

Қабылбай А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші - Қаленова Т.С., т.ғ.к., доцент
bota.kabylbay@mail.ru

АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ САЯСАТЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Abstract. The article presents an idea of the Alash of the 20th century and its continuity in the modern educational policy of the Republic of Kazakhstan. Various programs, scientific research are offered. Conclusions are made based on the analysis of education systems during the twentieth century and after the independence of Kazakhstan. Comparison of educational reforms of the Alash party and Kazakhstan. Particular attention is paid to the relationship of educational processes in Kazakhstan and its mindset.

Key words: idea of Alash, intelligentsia, education

Мемлекеттің дамуында үлкен рөл атқаратын салалардың бірі білім саласы. ХХІ ғасырда білім мемлекет пен қоғам дамуының стратегиялық ресурсы болып табылады. Қазіргі Қазақстан Республикасының білім беру саясатының даму сатысында бірқатар реформалар мен өзгерістер жүргізіліп, жүзеге асырылуда. Қазақ халқының білім саясаты Алаш зиялыларының «Алаш идеясынан» бастау алады.

«Алаш идеясы» – ХХ ғасырдағы қазақ халқының азаматтық тарихындағы ұлттық идея. Алаш идеясының негізін қалаушы қазақ зиялылары: Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Барлыбек Сырттан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы және т.б.

Алаш интеллигенциясымен қазақ халқының дамуы мен өркендеуі үшін көп жұмыстар жүмыстар жасалынып, үлкен нәтижелерге жетті деп есептеуге болады. Халықтың білім деңгейін көтеру үшін «Қазақ» газетіне мақалалар жарияланып, кітап журналдар шығарылып

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

отырды. Сонымен қатар, сол замандағы барлық мәселелерді шешудің жолдарын қамтыған тұңғыш жалпықазақ съезінде қабылданған Алаш партиясының «Алаш» бағдарламасын атап көрсетуге болады.

Бірінші жалпықазақ съезінде қарастырылған басты мәселелердің бірі оқу ағарту ісіне байланысты бірқатар қаулылар қабылдады. Мәселен, съезд оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деген шешімдерді қабылдады. Бұл қаулылардан қазіргі Қазақстан Республикасының білім саясатымен ұқсастығынан аңғаруға болады.

Қазіргі таңда мектеп жасындағы балаларға білім жалпыға міндетті болып табылады, оқу ана тілінде, яғни қазақ тілінде немесе ресми тілде жүргізіледі. Осыдан бір ғасырдан астам уақытта Алаш зиялыларының сол съезде қабылдаған шешімдері тәуелсіз Қазақ елінің білім саясатындағы негізі болып келеді.

«Алаш» партиясының бағдарламасы он тараудан тұратын, өзекті мәселелердің шешімдерін қамтыған саяси бағдарлама. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінің №251 нөмірінде жарияланған. Бұл жобаны Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Әбдіхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов құрды. Дүниежүзінің дамыған мемлекеттерінің тәжірибесіне негізге ала отырып, тәуелсіздікті, демократиялық режимде дамитын, революция жолымен емес, ұлттық бірлік, саяси реформа негізінде мемлекеттік құқықтық идеяларды ұсынды. Бағдарлама сөз бен баспасөз, жиналыс еркіндігі, жалпы білім беру, оқу орындарында ана тілінде оқытылуы, дін ісінің мемлекет ісінен дербес болуы, билік пен сот, ел қорғау, салық, жерді жалға бермеу және сатпау жәнетағы да басқа идеялардан тұратын 10 бапты қамтыды. негізгі он тараудан тұратын, нақты мәселелердің шешімдерінен құралған алғашқы саяси бағдарлама. Бағдарламаның IX тарауы «Ғылым-білім үйрету» деп аталады. «Бұл бөлімде оқу орындарында білім алу жалпы халыққа қол жетімді, әрі тегін болуын, бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, ұлттық орта мектептер мен университет ашу қажеттігін көрсете келе, одан әрі: «оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хүкмет оқу ісінде кіріспеу; мұғалімдер - профессорлар өзара сайлаумен қойылуы» деген оқу-білім мәселесіне қатысты белгілеген басты бағыттар қазіргі күнгі әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес келетін негізгі талаптар екендігін байқауға болады [1, 30].

Алаш зиялылары XX ғасыр басында елімізде әлемдік білім беру үлгісін енгізуді мұрат еткеніндей, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарынан бастап білім беру саласында жүргізілген мемлекеттік саясат бұл маңызды жүйені сапалық жағынан жақсарту мақсатын қойды. Мәселен, Қазақстанда жоғары білім беру саласын реформалау 1995 жылдан бастап қарқынды жүрді. Қазақстанның Болон процесіне жедел кіруі нәтижесінде Қазақстан үш деңгейлі моделге енді: бакалавриат-магистратура-PhD докторантура.

Елдегі білім мен ғылым мәселелерін көтеруде және оны дамытуда жұмыстар жасаған Алаш зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Ол Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, халыққа білім беру жөнінде елдің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, цензурасыз газет шығару мәселелері қозғалды. Қазақ қоғамының саяси сауатын дамыту мақсатында Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовпен бірге тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Ахмет Байтұрсынұлы Батыс елдерінің білім мен ғылымымен салыстырғанда қазақ халқының деңгейі төмен дәрежеде болғанын түсінді. Қазақ халқын білім мен ғылымға шақырды. Ол елді дамытуда мектеп балаларының оқу ағарту ісінен бастап керек деп есептеді. «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деп жазды.

Қазіргі таңдағы мектеп оқитын оқушылардың біраз бөлігі қазақ тілінде де, орыс тілінде де көркем кітап, газет пен журналдар оқымайды. Сонымен қатар, қазақ тілін де, орыс тілін де жеткілікті деңгейде білмеуі, ұлттық ойлау жүйесіне әсер етуде. Осының нәтижесінде жазу сауаты оқушылар мен жасөспірімдер арасында жылдан жылға төмендеуде. XXI ғасырдың

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

білім мен ғылым мәселелерінің шешімін XX ғасырдағы Алаш зиялыларының өкілі Ахмет Байтұрсынов ұсынды. Оны мына сөзінен байқауға болады: «надандықтың кесапаты әр жерде ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай келеміз, дүниеге ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым менен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз» деген сөздері дәлел бола алады.

Басқа елдердің тәжірибесін бағдарлау нәтижесінде, білім мен ғылымның теңдікке жеткізетінін, әлсіздерге күш беретінін, халық жағдайын жақсартады деген қорытындыға келді. Ахмет Байтұрсынұлының білім мен ғылым саласын дамыту саласында бастауыш мектептегі оқу ағартушылық ісіне ерекше мән бөлді. «Бастауыш мектеп» деген мақаласында бастауыш мектепте білім алушы балалардың толық оқу жазу сауаттылығын ашатын болуы қажет. Сол себепті, қазақ халқы үшін бастауыш мектептердегі оқу 5 жылдық болуы, оның алғашқы 3 жылында балалар тек ана тілінде білім алуы керек деп есептеді. Орта мектепті 12 жылдық жүйеге көшіру керек деген идеяға келді. Бұл идеяның негізгі себептері, біріншіден қалада тұратын қазақ отбасылары орыс тіліне ауысу бейімділігінің жоғарылауына байланысты, сонымен қатар мектепте де ана тілі дұрыс деңгейде үйретілмегендіктен, ана тілінде таза сөйлеу жоғалуына байланысты. Бастауыш мектеп өз ана тілін үйрететін маңызды буын болуы керек деген тұжырымға келді. Екіншіден, жас ұрпаққа білім алудың маңызды екенін ұғындыру керек деп есептеді. Себебі, Жан Жак Руссоның айтуынша, оқушыға ең бірінші сабақ оқудың қажеттілігін ұғыну сабағы. Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларын әдебиетке деген қызығушылығын арттыра білуіміз керек.

Алаш қозғалысының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы білім саласындағы еңбек атқарған нәтижелі жұмыстарның бірі қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін зерттеп, қазақ халқына тән әліпбиді құрастыруы.

А. Байтұрсынұлы сауатсыздықты жою мақсатында және де ғылым мен білімнің дамуы, мәдениеттің өркендеуіне араб жазуының қазақ халқыны қолайлы емес екенін түсінді. А.Байтұрсынұлы әліпбиді құрастыруда қазақ тіліне тән төл дыбыстарды алып, кірме дыбыстарды әліпбиге қоспаған болатын. Әліпби 24 әріптен тұрды. Бірақ сол уақыттарда бұл идея «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ», «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде пікірталас тудырды. Латын әліпбиі 1929-1940 жылдар аралығында ұлтымыз қолданды, 1940 жылдан бастап кириллицаға ауысты.

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» [2], деп айтқан болатын Елбасы.

2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. ҚР Премьер-Министрінің өкімімен қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды. Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына кезең-кезеңмен көшуінің іс-шаралар жоспары 2025 жылға дейін әзірленді, орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық, техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі 4 жұмыс тобы құрылып, қызмет атқаруда.

Бүгінгі жаһандану заманында, ғылым мен техника дамыған кезеңде, ақпарат алмасу мен технологияның тілі латын әліпбиіне негізделген. Латын әліпбиі дүниежүзі бойынша қолданыста кең таралған және БҰҰ-да тіркелген алты тілдің бірі. Ең алғаш рет Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде қолданылып, б. з.-ң 1 ғасырында қалыптасты. Қазіргі кездегі латын әліпбиіндегі әріп саны 25. Бұл жөнінде ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев: «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады», [3]- деген болатын.

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Бір ғасырдан астам уақыт бұрын емле мәселесіне қатысты ұсынған Алаш зиялыларының реформалау саясаты қазіргі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Оған Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпбиі» нақты мысал бола алады.

Қорытындылай келе, Алаш арыстары қазақ ұлтының зияткер ұлт болып қалыптасуы жолында ерен еңбек етті. Ол үшін білім мен ғылым салаларын дамытуда өте көп жұмыс атқарды.

Кезінде алаштық интеллигенция ұсынған жол да қазіргі қазақстандық жол сияқты өркендеу жолы болды. Алаш зиялылары қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан ары жетілдіре түсуді көздеді. Сондықтан, алаш қайраткерлерінің қазақ мемлекеттілігін құрудағы ұстанымдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мұрат-мақсаттарымен тура сабақтас келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [Қаленова](#) Т. Еуразияшылдық: теория және практика. Оқу құралы.- Астана: «Фолиант», 2012. - 235 б.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты// Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. <https://www.qazaquni.kz%2F2013%2F02%2F01%2F14909.html>

Махметова Т.

**Академия государственного управления при Президенте РК
г. Нур-Султан, Республика Казахстан**

КАЗАХСТАН В СИСТЕМЕ ЕАЭС

Abstract. The article considers that within the framework of the unified economic integration, a coherent, coordinated policy is being implemented in key areas of the economy. The creation of a Single Economic Space and, in its continuation, carries a huge potential for the development of the member countries of the association by lifting restrictions on the free movement of goods, services, capital and labor.

Key words: Kazakhstan, Eurasian Economic Union, priorities, integration

Распад Советского Союза привел к огромным политическим, экономическим и правовым изменениям в новых странах. Были приняты новые конституции с учетом новых национальных и международных реалий.

Все страны начали стремиться к интеграции друг с другом. При этом впервые сама идея евразийской интеграции была выдвинута в 1994 году Первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым.

Создание Единого экономического пространства и, в его продолжение, несет в себе огромный потенциал для развития стран-участниц объединения путем отмены ограничений на свободное движение товаров, услуг, капитала и рабочей силы.

В рамках единой экономической интеграции проводится согласованная, скоординированная политика, касающаяся ключевых областей экономики. Это призвано способствовать модернизации и диверсификации экономик, расширению взаимной торговли и экономического сотрудничества стран-участниц.

В целом формирование и развитие евразийской экономической интеграции можно разделить на 5 периодов.